

**Түркістан облысы Денсаулық сақтау басқармасының
«№1 облыстық перинаталдық орталығы» шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны сыбайлас
жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы талдамалық**

АНЫҚТАМА

Шымкент қаласы

13 тамыз 2025 жыл

Негіздеме: Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2025 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8 бабы 5-тармағына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19-қазандағы №12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16-қаңтардағы №21 бұйрығына, Түркістан облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық перинаталдық орталық №1"ШЖҚ МКК 2025 жылғы 25 маусымдағы №171 н/к "Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы" бұйрығының негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша жұмыс жүргізілді.

Мақсаты: Сыбайлас жемқорлық құқықтық бұзушылар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептердің туындау мүмкүндігін анықтау және олардың салдарын жою.

Ішкі талдау жүргізу мерзімі : 02.07.2025 ж. – 13.08.2025 ж.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қамту кезені : 2024 ж.-13.08.2025 ж.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін жұмысшы топ құрамы:

1. Муратова Роза Нурпапаевна - Басшының медициналық бөлім бойынша (акушерлік- гинекологиялық көмек) орынбасары;
2. Успанова Мадина Аскарровна- Консультативті-Диагностикалық бөлімшесінің акушер-гинеколог дәрігері, басшының медициналық қызметтер сапасын бақылау жөніндегі орынбасарының м.а;
3. Мусралиева Анель Тасполатқызы- Жаңа туған нәрестелерді қарқынды емдеу бөлімшесінің меңгерушісі;
4. Омарова Алтынай Дүйсенбековна- Дәріхана меңгерушісі;
5. Асекенова Клара Байдуллаевна- Бас есепші;

6. Жақан Диас Әлібекұлы- Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі инженері;
7. Ташфулатова Гульжан Умирбековна- Кадр бөлімінің бастығы;
8. Елмурзаева Акмарал Тасмырзаевна- Ұйымдастыру әдістемелік бөлім меңгерушісі;
9. Маханова Айгуль Мамырбековна- Жоспарлау экономика бөлімінің бастығы.

Талдау жүргізу бағыты:

1. Орталықтың қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2. Орталықтың ұйымдастырушылық басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

- Бюджет қаражатын игеру;
- Мемлекеттік сатып алу, жеке және заңды тұлғалармен келісім шарт жасасу;
- Персоналды басқару, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау, мүдделер қақтығысын реттеу.

Талдау объектісі

Атауы: Түркістан облыстық Денсаулық сақтау басқармасының «№1 облыстық перинаталдық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

Басқару органы: «Түркістан облыстық Денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

Нормативті құқықтық актілер: Қазақстан Республикасы Конституциясы, Қазақстан Республикасы «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексі, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы заңы.

Орналасқан жері: Шымкент қ., г. Иляев к-сі, 142а

Талдау жүргізілген құрылымдық бөлімшелер:

- Мемлекеттік сатып алу бөлімі;
- Есеп бөлімі;
- Персоналды басқару бөлімі (кадр бөлімі).

1. Орталықтың қаражаты бойынша

Бекітілген штаттық кесте және тарификациялық тізімдер

1.1. Есеп беру күніне жағдайы:

- Барлығы: 673,5 штаттық бірлік, оның ішінде бюджеттік – 664,5 бірлік.
- Есепті кезеңдегі өзгерістер: төсек-орындарды қайта бейіндеу, «Дәріхана» бөлімшесін «Госпиталдық фармация бөлімшесі» ретінде қайта ұйымдастыру.
- Өзгерістердің себептері: құрылымдық өзгерістер, оңтайландыру.

1.2. Нормативтерге сәйкестігі:

- Сәйкестік тексерілді:

Штаттық кестедегі өзгерістер бұрын бекітілген бірліктер шегінде жүзеге асырылды. Барлық лауазымдар бекітілген коэффициенттерге сәйкес тарификацияланған.

1.3. Тәуекелдер:

Тәуекел	Салдары	Тәуекел деңгейі	Ұсыныс
Дұрыс тарификацияланбауы. Еңбекақы қорын артық/кем есептеу	Артық немесе кем төлемдер	Орташа	Тізімдерді тұрақты жаңарту, кадр бөлімімен салыстыру

Мекеменің даму жоспары

Аталған кезеңге негізгі мақсаттар: - ӘМСҚ (ФСМС) тарапынан бөлінетін қаржы көлемін арттыру.

Тәуекел	Салдары	Тәуекел деңгейі	Ұсыныс
1-жартыжылдықта нақты шығындардың жоспардан асып кетуі	Нәтижелерге әсер етуі мүмкін	Жоғары	2-жартыжылдық жоспарына нақтылау және түзетулер енгізу

2. Мемлекеттік сатып алу, жеке және заңды тұлғалармен келісім шарт жасау

2024 жылдың шілде айынан бастап мемлекеттік сатып алу порталы бойынша жасақталған келісім шарттардың ақпараттары: Орталықпен жыл соңына дейін 133 келісім шарт жасақталды, жалпы соммасы 733 693 411,58 теңгені құрайды.

Екі шарт біржақты тәртіппен бұзылып, жеткізушіге қатысты сотқа талап арыз берілді.

2025 жылдың қаңтар айынан бастап мемлекеттік сатып алу порталы бойынша жасақталған келісім шарттардың ақпараттары: Орталықпен, ағымдағы

маусым айына дейін келісім шарттар саны- 157 , жалпы соммасы 446 362 332 теңгені құрайды.

6 шарт біржақты тәртіппен бұзылды.

2 жеткізушіге қатысты сотқа талап арыз берілді.

Дәрілік заттар және медициналық мақсаттаты бұйымдарға жасақталған келісімшарттар саны- 78, жалпы соммасы 888 587 071,00 теңгені құрайды.

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар тек мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы үлгілік нысанда жасалған.

Аталған келісім шарттар бойынша сыбайлас жемқорлық тауекелдері анықталмады. Мүдделер қақтығысы орын алмады.

3. Персоналды басқару, сыбайлас жемқорлық тауекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау, мүдделер қақтығысын реттеу

Орталықта жұмыс атқарып жатқан медицина қызметкерлері «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын растау қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы №ҚР ДСМ -274/2020 бұйрығына сәйкес тиісті маман сертификаттары бар.

Орталықта бос орындар пайда болған жағдайда «Enbek.kz» электронды еңбек биржасына жарияланады.

Орталық құрылымы мен штат саны қолданыстағы заңнамалық талаптарға сәйкес белгіленген.

Анықталған кемшіліктер:

1. Мекемеде отбасы жағдайына байланысты жалақы сақталмайтын демалыс пен жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысына қатысты шығарылған бұйрықтарда Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» № 94-V Заңының талаптары толықтай сақталмаған.

2. Біліктілік талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты мекеме тарапынан төрт дәрігердің қызметтік міндеттерін атқаруы уақытша тоқтатылды. Атап айтқанда:

1) №2 Ана мен баланың бірге болу бөлімшесінің акушер-гинеколог дәрігері – Атамбаева Жанар Бурибаевна.

«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде» 2022 жылғы 18–23 сәуір аралығында өткен «Акушерлік және гинекологиядағы өзекті мәселелер» (4 кредит) тақырыбындағы курсты аяқтағаны туралы №0357 біліктілік куәлігі расталмады.

2) №2 Ана мен баланың бірге болу бөлімшесінің акушер-гинеколог дәрігері – Байтурсынова Бибігүл Бақытқызы.

«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде» 2023 жылғы 1–15 желтоқсан аралығында өткен «Акушерлік және гинекологияның өзекті мәселелері» (120 сағат) курсына қатысқандығын растайтын куәлік жарамсыз деп танылды.

3) №2 Ана мен баланың бірге болу бөлімшесінің неонатолог-дәрігері – Сүлешева Индира Ильясовна.

«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде» 2023 жылғы 2–16 қазан аралығында өткен «Неонатологияның өзекті мәселелері» (120 сағат) курсы бойынша №3713 куәлік жарамсыз деп танылды.

4) Арнайы күтімді қажет ететін жаңа туған нәрестелер бөлімшесінің неонатолог-дәрігері – Голованёва Ирина Александровна.

«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде» 2023 жылғы 9–23 қазан аралығында өткен «Неонатологияның өзекті мәселелері» (120 сағат) курсы бойынша берілген №3720 және №3713 куәліктерінің жарамсыздығы анықталды.

4. Комплаенс қызметі

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында ұжым ішінде тоқсан сайын жалпы және құрылымдық бөлімдер арасында жиындар мен дәрістер өткізіліп отырады.

Аталған жиындар барысында комплаенс қызметінің бағыттары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша оқыту шаралары жүргізілуде.

Пациенттер арасында әңгімелесу, онлайн сауалнамалар өткізіліп, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Орталыққа, қызметкерлерге және көрсетілетін қызметтерге қатысты шағымдар тіркелген жоқ.

Қызметкерлер арасында көрсетілген қызметке байланысты сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жоқ.

Қорытынды

Талдау нәтижесі бойынша Түркістан облысы Денсаулық сақтау басқармасының «№1 облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ КМК қызметінде сыбайлас жемқорлық анықталған тәуекелдері:

1. Штаттық бірліктерін дұрыс тарификацияланбауы. Еңбекақы қорын артық кем есептеу;

Ұсыныс: Штаттық бірліктерді тарификациялау кезінде қателіктерге жол бермеу үшін кадр бөлімі мен бухгалтерия арасында деректерді тұрақты түрде салыстыру.

2. Бірінші жартыжылдықтағы нақты шығыстардың жоспарлы шығыстардан асып кетуі.

Ұсыныс: 2-жартыжылдық жоспарын қайта қарастырып, оған нақтылау мен түзетулер енгізілуі қамтамасыз етілсін.

3. Мекемеде отбасы жағдайына байланысты жалақы сақталмайтын демалыс пен жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысына қатысты шығарылған бұйрықтарда Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» № 94-V Заңының талаптары толықтай сақталмаған.

Ұсыныс: Мекеменің жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысына қатысты бұйрықтарында есеп бөлімі тарапынан демалысқа ақы төлеу туралы мәліметтердің енгізілуі қамтамасыз етілсін.

4. Біліктілік талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты мекеме тарапынан төрт дәрігердің қызметтік міндеттерін атқаруы уақытша тоқтатылды.

Ұсыныс: Мекеме қызметкерлерінің біліктілік талаптарына толық сәйкес келуін қамтамасыз ету мақсатында дәрігерлердің кәсіби дайындығын арттыру шараларын ұйымдастыру, атап айтқанда, қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстарына жіберу.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін жұмысшы топ құрамы

Муратова Р.Н.



Басшының медициналық бөлім бойынша (акушерлік-гинекологиялық көмек) орынбасары

Успанова М.А.



Консультативті-диагностикалық бөлімшесінің акушер-гинеколог дәрігері, басшының медициналық қызметтер сапасын бақылау жөніндегі орынбасары м.а.

Мусралиева А.Т.



Жаңа туған нәрестелерді

қарқынды емдеу бөлімшесінің
меңгерушісі

Омарова А.Д.



Дәріхана меңгерушісі

Асекенова К.Б.



Бас есепші

Ташфулатова Г.У.



Кадр бөлімінің бастығы

Елмурзаева А.Т.



Ұйымдастыру-әдістемелік бөлім
Меңгерушісі

Асекенова К.Б.



Жоспарлау-экономикалық бөлімі
бастығының у.м.а.